Байжума Саметтің «8D02203 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «әл-Фарабидің дін философиясындағы адам мәселесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының

АҢДАТПАСЫ

Жұмысының жалпы сипаттамасы. Қазіргі жаһандану жағдайындағы рухани құндылықтардың өзгеруі, діни санадағы трансформациялар, мәдени бірегейлік мәселесі және қоғамдағы рухани тұрақтылықтың әлсіреуі адам мәселесін философиялық және дінтанулық тұрғыда зерделеудің өзектілігін арттырып отыр. Әсіресе ақпараттық қоғам жағдайында адам болмысы, рухани мәдениет, ішкі тәрбие, діни сана және қоғамдық үйлесім мәселелері өркениеттік сипаттағы мәселелердің біріне айналды. Алла – әлем – адам қатынасын біртұтас онтологиялық жүйе ретінде қарастырған әл-Фараби адамды ақыл мен моральдық кемелдену арқылы жетілуге қабілетті рационалды әрі рухани болмыс ретінде түсіндірді. Оның бақыт, пайғамбарлық, қайырымды қоғам және рухани тәрбие туралы идеялары түркі-исламдық ойлау мен руханияттың дамуына терең ықпал етті. Әл-Фараби философиясында адам болмысы, оның танымдық мүмкіндігі, ерік бостандығы, ақыл-парасат арқылы ақиқатты тануы және қоғамдағы этикалық жауапкершілігімен сабақтастықта қарастырылады. Осы негізде оның дін мен философияның арақатынасы, Жаратушы мен жаратылыс мәселесі, пайғамбарлықтың мәні мен ақыл-сенім үйлесімі ислам фәлсафасындағы адам мәселесін кешенді пайымдауға мүмкіндік береді. Әл-Фарабидің «инсан әл-кәмил» концептісі адамның рухани және интеллектуалдық кемелденуін мақсат еткен философиялық бағдар ретінде бүгінгі күні өзектілігі артып отыр. Технологиялық өзгерістер жағдайында адамның ақыл-ойы, моральдық жауапкершілігі мен рухани болмысына қатысты мәселелер әл-Фараби мұрасын қазіргі заман тұрғысынан қайта пайымдауға жол ашады.

Диссертациялық зерттеудің өзектілігі. Қазіргі жаһандық трансформациялар, әлеуметтік және мәдени үдерістердің күрделене түсуі, қоғамдық сананың цифрлануы мен дәстүрлі гуманистік құндылықтардың дағдарысы жағдайында адам табиғатын терең түсіндіруге, оның руханилығы, адамгершілік жауапкершілігі және қоғамдық тұтастықтың негіздері мәселелеріне деген ғылыми қызығушылық артып келеді. Осыған байланысты адам мәселесін жан-жақты байыптаған классикалық ислам философиясының, әсіресе әл-Фараби мұрасының теориялық-әдіснамалық әлеуетіне жүгінудің өзектілігі күшейе түсуде. Зайырлылық, мәдени фрагментация, ақпараттық ықпал және радикалды идеологиялардың таралуы рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудағы адамның рөлін қайта пайымдаудың маңызын көрсетті. Осындай жағдайда адам мәселесіне философиялық және діни тұрғыдан қарау гуманитарлық ғылымдарда айрықша мәнге ие болады. Ислам интеллектуалдық дәстүрінде Әбу Насыр әл-Фараби ақыл, пайғамбарлық, рухани тәрбие мен қоғамдық өмірді біртұтас жүйе ретінде қарастырған ойшыл ретінде маңызды орын алады. Оның адам, қоғам және рухани кемелдену арасындағы

байланыс жөніндегі тұжырымдары қазіргі мәдени және діни мәселелерді талдауда маңызды теориялық негіз болып саналады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Біз өзіміздің зияткерлік мұрамызды орынды мақтан тұтамыз. Әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи, Абай сияқты ұлы ойшылдар адамзатқа сарқылмас рухани қазына қалдырды. Олардың идеялары адамзат өркениетінің алтын қорына енді. Біз үшін дана бабаларымыздың баға жетпес еңбектерін қазіргі заман талаптары тұрғысынан өзектендіру маңызды. Ғалымдарымыздың идеяларын қайта зерделеп, кеңінен насихаттап, жан-жақты дамыту қажет», – деп атап көрсетті. Бұл тұжырым әл-Фараби мұрасын қазіргі қоғамдық-рухани үдерістер тұрғысынан зерттеудің маңыздылығын айқындайды. Елімізде әл-Фараби мұрасын зерттеу рухани-адамгершілік тәрбиені дамытуға, ұлттық құндылықтарды нығайтуға және мәдени бірегейлікті сақтауға бағытталған мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі. Сонымен қатар әл-Фарабидің адам туралы философиялық көзқарастарын қазіргі заман талаптары тұрғысынан зерделеудің өзектілігі арта түсуде. Әсіресе жасанды интеллект пен адам ақылының арақатынасы, бақыт ұғымының мәнін қайта пайымдау, тұлғаның рухани кемелденуі мен үйлесімді дамуының негіздерін анықтау мәселелері әл-Фараби іліміндегі адам мәселесін жаңаша қарастырудың қажеттілігін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, әл-Фарабидің дін философиясындағы адам мәселесін зерттеу оның теориялық мазмұнын ашумен қатар, қазіргі қоғамның рухани-мәдени сұраныстарына жауап беретін құндылықтық бағдарларды айқындауға мүмкіндік береді.

Әл-Фараби философиясының ерекшеліктерінің бірі – дін мен философияны ақиқатқа жетудің өзара толықтырушы формалары ретінде түсіндіруі. Оның ілімі ислам философиясындағы рационалдық дәстүрдің дамуына зор үлес қосты. Қоғамдағы рухани қауіпсіздік, мәдени тұтастық және діни сана мәселелері ерекше маңызға ие болған жағдайда әл-Фарабидің философиялық мұрасы мен антропологиялық концепциясының өзектілігі артып отыр. Ғұлама ойшылдың идеялары түркі және кейінгі қазақ, атап айтқанда: Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Ясауи, Абай, Шәкәрім дүниетанымында интеллектуалдық және рухани дәстүрдің қалыптасуына елеулі ықпал етті. Сондықтан әл-Фарабидің дін философиясындағы адам мәселесін ислам философиясы, түркі-мұсылман руханияты және қазіргі әлеуметтік мәселелер контексінде кешенді түрде зерттеу қазіргі дінтану мен философиядағы өзекті ғылыми бағыттардың бірі саналады.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Әл-Фарабидің дін философиясындағы адам мәселесін зерттеу ислам философиясы, түркі-мұсылман руханияты және дін философиясы аясындағы пәнаралық тәсілді қажет етеді. Бұл мәселе ақыл, дін, болмыс, бақыт және пайғамбарлық мәселелерімен, сондай-ақ кемел адам, рухани тәрбие, моральдық сана, даналық және қоғамдық келісім ұғымдарымен тығыз байланысты. Зерттеудің ғылыми негізін фарабитану, ислам философиясы және қазақ философиялық ойы саласындағы еңбектер құрайды.

Шетелдік және кеңестік ғылымда әл-Фараби мұрасын зерттеу негізінен ислам философиясы мен шығыс перипатетизмі аясында дамыды. А. Сағадеев әл-Фарабидің дін мен философияға қатысты көзқарастарының тарихи-

философиялық маңызын айқындауға елеулі үлес қосты. Б. Ғафуров пен А. Қасымжанов әл-Фараби мұрасын Шығыс пен Батыс мәдени байланыстары, ортағасырлық өркениет және мәдениет тарихы контексінде қарастырып, оны өркениеттік-мәдени феномен ретінде бағалады. М. Хайруллаев әл-Фарабидің философиялық, әлеуметтік-саяси және гуманистік көзқарастарын талдап, оның адам, қоғам және бақыт туралы идеяларын ортағасырлық мұсылман ойының ірі жетістіктерінің бірі ретінде қарастырды. Дін мен ақыл арақатынасы тұрғысынан Тауфик Ибрагим классикалық ислам ойындағы калам, фәлсафа және рационалдық таным мәселелерін зерттеді. Яшар Айдынлы әл-Фараби философиясының логикалық және жүйелік қырларын түркі-ислам интеллектуалдық дәстүрі аясында қарастырды.

Қазақ фарабитануының қалыптасуында Ақжан әл-Машани әл-Фараби мұрасы мен қазақ рухани ойының сабақтастығын негіздеп, әсіресе оның Абайдың адамгершілік және интеллектуалдық идеяларымен үндестігін атап көрсетті. А. Көбесов әл-Фарабидің ғылыми-педагогикалық мұрасын зерттесе, Ә. Дербісәлі оның мұрасын араб қолжазба дәстүрі мен ислам мәдениеті контексінде қарастырды. А. Қасымжанов әл-Фараби ілімін мәдениет тарихы мен түркі-мұсылман өркениетімен байланыста зерттеді. Ж. Молдабеков түркі дүниетанымы, ұлттық сана және адам мәселелерін философиялық тұрғыдан талдады. А. Нысанбаевтың еңбектері философиялық антропология, адам құндылықтары және рухани жаңғыру мәселелеріне арналса, Ғ. Есім әл-Фараби мұрасын қазақ философиясы және Абайдың этикалық дүниетанымымен байланыстыра қарастырды. Ж. Алтаев әл-Фараби идеяларының түркі-ислам ойындағы тарихи-философиялық маңызын зерттесе, Т. Ғабитов оның мұрасын мәдениет философиясы, руханият және өркениеттік даму тұрғысынан талдады. Н. Байтенова мен Н. Сейтахметова ислам философиясындағы кемел адам, бақыт және рухани-этикалық жетілу мәселелерін қарастырды. С. Нұрмұратов, А. Масалимова, А. Құрманалиева және Г. Құрманғалиева рухани құндылықтар, қоғамдық сана, ислам философиясы, түркі-мұсылман дүниетанымы, рационалдық ойлау, діни сана, рухани мәдениет және моральдық тәрбие мәселелерін зерттеді. Әл-Фараби еңбектерін түпнұсқа араб тілінен аударумен айналысқан К. Тәжікова, Ы. Палторе мен Ж. Сандыбаев және Д. Кенжетай зерттеулері түркі-мұсылман руханияты, ислам өркениеті, сопылық дүниетаным, кемелдік, рухани тәрбие, таухид, қолжазба дәстүрі және теолингвистикалық талдау мәселелеріне арналды. Ж. Момынқұлов, Б. Мейрбаев, С. Төлеубаева, М. Аликбаева, А. Төлеубеков, А. Досқожанова, А. Азербаев және Т. Әбдірасиловтың еңбектерінде діни сана, рухани қауіпсіздік, діни мәдениет, құндылықтық бағдар және діннің әлеуметтік қызметі мәселелері зерттелді.

Осылайша, әл-Фараби мұрасы кеңінен зерттелгенімен, оның дін философиясындағы адам мәселесі Алла – әлем – адам қатынасы, пайғамбарлық, бақыт және түркі-мұсылман руханиятының сабақтастығы контексінде арнайы қарастыруды қажет ететін өзекті ғылыми бағыттардың бірі ретінде айқындалады.

Зерттеу нысаны. Әбу Насыр әл-Фарабидің мұрасындағы дін мен философия сабақтастығы.

Зерттеу пәні. Әл-Фараби дүниетанымындағы Алла – әлем – адам қатынасының философиялық және діни қырлары, адам болмысы, бақыт, рухани кемелдену, пайғамбарлық, қайырымды қоғам және рухани тәрбие мәселелері.

Негізгі гипотеза. Әл-Фарабидің дін философиясындағы адам мәселесі ортағасырлық ислам философиясының шеңберіндегі теориялық мәселе ғана емес, сонымен қатар адамды Жаратушы мен жаратылған әлем арасындағы байланыстырушы буын әрі микрокосм ретінде қарастыратын тұтас, жүйелі ұйымдасқан антропологиялық модельдің өзегі деген тұжырымға негізделеді. Бұл модель бойынша адамның шынайы мәні мен мақсаты ақыл («ʻақл») мен сенімнің, пайғамбарлық жетекшілік пен философиялық танымның өзара бірлігінде ашылып, оның рухани кемелдікке («инсан әл-кәмил») және шынайы бақытқа («саʻада») жетуіне мүмкіндік береді. Аталған тұжырымдама өзінің өзектілігін күні бүгінге шейін жоғалтқан жоқ және қазіргі антропологиялық сын-қатерлерді пайымдауда, әсіресе жасанды интеллекттің дамуымен байланысты мүмкіндіктер мен тәуекелдерді бағалауда, сондай-ақ бақыт мәселесін қазіргі сандық әл-ауқат көрсеткіштерінен гөрі тереңірек құндылықтық және рухани өлшемдер негізінде түсіндіруде маңызды әдіснамалық және танымдық әлеуетке ие. Сонымен қатар зерттеу әл-Фарабидің адам, ақыл, бақыт және рухани тәрбие туралы идеялары кейінгі түркі-мұсылман ойшылдарының дүниетанымында жалғасын тауып, қазақ руханиятының қалыптасуына ықпал етті деген болжамға сүйенеді. Осы тұрғыдан алғанда, әл-Фараби қалыптастырған интеллектуалдық жүйе қазіргі қоғамдағы рухани тұрақтылық, кемел адам, діни сана, қоғамдық келісім және рухани мәдениет мәселелерін түсіндіруге теориялық негіз бола алады.

Зерттеу жұмысының мақсаты. Әл-Фарабидің дін философиясындағы адам мәселесін ислам философиясы, түркі-мұсылман руханияты және қазіргі қоғам мәселелері аясында кешенді түрде зерттеу, сондай-ақ ойшылдың адам, бақыт, рухани кемелдену, парасат және қайырымды қоғам туралы тұжырымдарының қазіргі рухани-мәдени кеңістіктегі маңызын айқындау, олардың қазіргі заман үшін теориялық-әдіснамалық және практикалық әлеуетін ашып көрсету.

Зерттеу мақсатына жету үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

– Дін философиясы ұғымының теориялық және әдіснамалық негіздерін саралап, адам мәселесін зерттеудегі маңызын ашып көрсету.

– Әл-Фараби іліміндегі дін мен философия сабақтастығының ерекшеліктерін талдап, олардың ақиқатқа жетудегі өзара байланысын айқындау.

– Әл-Фарабидің дін философиясындағы Жаратушы мен жаратылыс туралы тұжырымдарының дүниетанымдық негіздерін саралау.

– Ислам фәлсафасындағы Алла – әлем – адам тұтастығы мәселесін талдап, оның әл-Фараби дүниетанымындағы орнын анықтау.

– Әл-Фараби іліміндегі пайғамбарлық мәселесі мен адамның рухани кемелденуі арасындағы байланысты зерделеу.

– Әл-Фарабидің дін философиясындағы ақыл мен сенім арақатынасының мәнін айқындау.

– Әл-Фарабидің дін философиясындағы «инсан әл-кәмил» концептісінің мазмұны мен философиялық мәнін ашып көрсету.

– Адамды кемелдендірудегі әл-Фарабидің «ʻақл» ілімін саралап, оның қазіргі жасанды интеллект мәселелерімен сабақтастығын талдау.

– Әл-Фарабидің философиялық жүйесіндегі бақытты адам концептісін зерттеп, оның заманауи бақыт индексі мен қазіргі қоғам жағдайындағы маңызын айқындау.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

– Дін философиясы мен діни философияның теориялық және әдіснамалық негіздері жүйеленіп, олардың адам мәселесін зерттеудегі танымдық және дүниетанымдық әлеуеті дінтанулық тұрғыдан нақтыланды.

– Әл-Фараби іліміндегі дін мен философияның арақатынасы ақиқатқа жетудің өзара сабақтас формалары ретінде талданып, адам болмысы мен рухани кемелдену мәселелерін түсіндірудегі діни дүниетаным мен ақылға негізделген пайымның маңызы айқындалды.

– Әл-Фарабидің дін философиясындағы Жаратушы мен жаратылыс туралы тұжырымдары сараланып, олардың ислам философиясындағы онтологиялық мен дүниетанымдық негіздері нақтыланды.

– Ислам фәлсафасындағы Алла – әлем – адам тұтастығы мәселесі әл- Фараби дүниетанымы негізінде талданып, адам болмысының құдайлық және ғарыштық тәртіппен байланысы жүйеленді.

– Әл-Фарабидің пайғамбарлық, рухани кемелдену және қайырымды адам туралы тұжырымдарының өзара байланысы анықталып, адам кемелденуінің білім жинақтау арқылы және рухани-адамгершілік негіздері жан-жақты сараланды.

– Әл-Фараби философиясындағы ақыл мен сенім арақатынасының мәні ашылып, оның исламдық рационалдық дәстүрдегі орны мен ақиқатқа жету жолы ретіндегі ерекшелігі айқындалды.

– Әл-Фарабидің дін философиясындағы «инсан әл-кәмил» концептісінің мазмұны жүйеленіп, адамның рухани және интеллектуалдық кемелденуінің философиялық негіздері дінтанулық білім тұрғысынан тұжырымдалды.

– Әл-Фарабидің «ʻақл» ілімі қазіргі технологиялық даму жағдайындағы жасанды интеллект мәселелерімен салыстырыла талданып, адам ақылының рухани-этикалық өлшемдерінің маңызы мен заманауи интеллектуалдық құралдарды пайдаланудағы нормалар сарапталды.

– Әл-Фарабидің бақытты адам туралы ілімі зерделеніп, оның заманауи өмір сапасы, қоғамдық әл-ауқат және бақыт индексі мәселелерімен сабақтастығы айқындалды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

– Дін философиясы адам мәселесін зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі ретінде адам болмысын анықтаудың діни және рационалдық таным мүмкіндіктерін айқындайды.

– Әл-Фараби дүниетанымында дін мен философия бір-біріне қарсы қойылмайды, керісінше ақиқатты танудың өзара сабақтас формалары ретінде түсіндіріледі, бұл ұстаным исламдық рационалдық дәстүрдің теориялық негіздерінің бірі саналады.

– Әл-Фараби философиясында Жаратушы мен жаратылыс арасындағы байланыс әлемдік үйлесім мен болмыс тұтастығының негізі ретінде қарастырылады: адам – осы жүйедегі саналы әрі жауапты болмыс.

– Ислам фәлсафасындағы Алла – әлем – адам қатынасы әл-Фараби ілімінде өзара байланысты тұтас құрылым ретінде пайымдалады, адамның мәні құдайлық тәртіп пен әлемдік үйлесім аясында ашылады.

– Әл-Фараби іліміндегі пайғамбарлық пен философ тұлғасы – адамның рухани жетілуі мен қоғамның ізгілікке бағдарлануын қамтамасыз ететін ерекше тәрбиелік институт.

– Әл-Фарабидің дін философиясында ақыл мен сенім бір-бірін толықтыратын рухани және танымдық бастаулар ретінде түсіндіріледі, олардың үйлесімі адам кемелденуінің маңызды шарты саналады.

– Әл-Фарабидің «инсан әл-кәмил» концептісі адамның рухани және интеллектуалдық жетілуінің философиялық үлгісі ретінде қарастырылады, кемелдік ақыл-парасат пен ізгілік қасиеттерінің бірлігі арқылы жүзеге асады.

– Әл-Фарабидің «ʻақл» туралы ілімі адам ақылының танымдық мүмкіндіктерімен қатар оның рухани-адамгершілік мазмұнын да айқындайды, бұл ұстаным қазіргі жасанды интеллект мәселелерін бағалауда әдіснамалық маңызға ие.

– Әл-Фарабидің бақыт туралы ілімі жеке адамның рухани кемелденуі мен қоғамдық игіліктің өзара байланысына негізделеді, бақыт адамның танымдық, моральдық және рухани жетілуінің түпкі мақсаты ретінде тек қоғамда, қауымдасқан ортада ғана жүзеге асады, бұл тұжырым уақыт кеңістігінен тәуелсіз, сол себепті заманауи қоғаммен үндес және өміршең.

Жұмыстың теориялық және әдіснамалық негіздері. Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізін жүйелілік, салыстырмалы, тарихи-философиялық, құрылымдық-функционалдық, герменевтикалық және мәдени-тарихи реконструкция әдістері құрайды. Зерттеуде әл-Фараби трактаттарын, ислам философиясындағы адам концепцияларын және түркі-мұсылман руханиятының философиялық негіздерін қарастыруда философиялық талдау, мәтіндік интерпретация және салыстырмалы талдау тәсілдері қолданылды. Сонымен қатар, әл-Фараби дүниетанымындағы адам, бақыт, рухани кемелдену және қайырымды қоғам мәселелерін қазіргі рухани-мәдени үдерістермен байланыста қарастыру мақсатында кешенді аналитикалық тәсіл пайдаланылды.

Жұмыстың теориялық және тәжірибелік маңызы. Зерттеудің теориялық маңызы әл-Фарабидің дін философиясындағы адам мәселесін ислам философиясы, рухани антропология және түркі-мұсылман дүниетанымы контексінде кешенді түрде талдауымен айқындалады. Диссертацияда әл-Фарабидің Алла – әлем – адам қатынасы, бақыт, рухани кемелдену, пайғамбарлық және қайырымды қоғам туралы идеялары жүйеленіп, олардың қазіргі рухани мәдениет пен діни сана мәселелерімен байланысы қарастырылды.

Зерттеу нәтижелері дінтану, ислам философиясы, дін философиясы, діни философия, фарабитану салаларындағы зерттеулерге үлес қосады, зерттеудің тәжірибелік маңызы оның нәтижелерін осы салалар бойынша оқу курстарында, сондай-ақ рухани мәдениет, діни сана және моральдық тәрбиеге қатысты білім беру және ғылыми-зерттеу жұмыстарында қолдану мүмкіндігімен сипатталады.

Зерттеу нәтижелерінің сыннан өтуі. Диссертациялық зерттеу нәтижелері 18 ғылыми жарияланымда, оның ішінде 3 мақала Скопус базасында индекстелген және 6 мақала ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК бекіткен журналдарда жарық көріп, талқыдан өтті. Сонымен қатар, еліміздегі және шет елдердегі халықаралық, республикалық ғылыми және ғылыми-практикалық конференцияларда, дөңгелек үстелдер мен форумдарда талданды. Диссертация әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының кеңейтілген мәжілісінде талқыланып, қорғауға ұсынылды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш бөлім, тоғыз тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыстың жалпы көлемі – 138 бет.